


Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті

«Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы»



Мақсаты:

Білімділік: Жастардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, тіл туралы білімдерін жетілдіру;

Дамытушылық: тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге, ұтымды шешен сөйлеуге баулу; өзге ұлттың тілін, әдебиетін, мәдениетін құрметтей білу сезімі дамыған дара тұлға даярлау;

Тәрбиелік: тіл – біздің ертеңіміз, тіршілігіміз, өміріміз екенін түсіндіріп тәрбиелеу;

Міндеті:

Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге шақыру;

Үштілді оқыту – заман талабы.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

«Бүгінгі күннің ең маңыздысы – білім ғана. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздарының қолында».



Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдалана алатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл- елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуының бірінші баспалдағы.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаев**

МҮМКІНШІЛІГІ

Тілді тек қана
тіл ретінде емес,
таным құралы
ретінде қолдану:

- өз мәдениетін бағалау;
- азаматтық жауапкершілік;
- функционалдық сауаттылық;
- басқа да мәдениеттерді түсініп құрметтеу;
- Тілдерді жоғары деңгейде меңгеру және қызметтің барлық салаларында қолдана білу;
- сын тұрғысынан ойлау;
- өмір бойы білім алу.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты халыққа Жолдауында “Тілдердің үштұғырлылығы” атты мәдени жобаны кезек-кезеңмен іске асыруды ұсынды.

Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Халқына Жолдауында: “Тілдердің үштұғырлылығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі”


деген салиқалы үндеуінде айтқандай, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор.

Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі.

«Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек»

*«Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», -Б. Хасанұлы анықтама бергендей [5, 4], бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынууда. *


Осы орайда құрылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты:



**Қазақ тілінің мәртебесін көтеру;
Мемлекеттік мекемелерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу;
Ағылшын тілін меңгерту;
орыс тілін жетік білу;
Әр ұлттың тілдерін дамыту, оларды сақтап қалуға мүмкіндік жасау;
Тілдер гармониясының бірлігіне жол ашу.**

Елбасының үштұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», -деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны баулысақ, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны баулитынымызға көз жеткіземіз. Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл - заман талабы», - деген елбасының қағидасына сүйене отырып, қазіргі таңда балабақшадан бастап мектеп табалдырығын аттаған сәттен ана тілін меңгертуге, сауаттылыққа күш салынуда. Осы орайда ауыр жүк артылып отырған мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі еңбегі зор.





Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050 » стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр»-делінгендей, жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер. Ал кейінгі толқын жастарға айтарым: Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер»,-деген жолдарда жастарымызға деген үміт пен сенім жатыр.

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады». Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.


```
graph TD; A[Педагогикалық тәсілдер] --> B[Үш тұғырлы саясат]; B --> C[Бағалау тәсілдері]; C --> D[Коммуникативті дағдылар]; D --> A;
```


Педагогикалық
тәсілдер

*Үш тұғырлы
саясат*

Коммуник
ативті
дағдылар

Бағалау
тәсілдері

Пять самых известных в мире полиглотов




Хранитель библиотеки Ватикана кардинал Джузеппе Каспар Меццофанти. Современник Байрона переводить мог со 114 языков. Свободно говорил на 60 языках, почти на 50 писал стихи и эпиграммы. Книга рекордов Гиннеса зарегистрировала "всего лишь" 26 языков, на которых Меццофанти говорил бегло.

Переводчица и писательница Като Ломб. Жительница Будапешта свободно владела 15 языками, среди которых - итальянский, французский, польский, китайский, японский. Выучила их в зрелом возрасте и за короткий срок. В гимназии преподаватели называли Ломб бездарью.

Британский журналист Гарольд Уильямс знает восемьдесят языков. Интересно, что греческий, латинский, иврит, французский и немецкий Гарольд выучил, когда ему было всего одиннадцать лет.

Вилли Мельников во время службы в Афганистане получил контузию, после которой у него появились сверхъестественные способности к изучению иностранных языков. Пишет стихи на 93 языках, а сколькими наречиями он успел овладеть - никому неизвестно.

Иштван Даби, венгерский переводчик и писатель, стал известен в возрасте 18 лет своим знанием 18 языков, на которых он переписывался с 80 партнерами из 50 стран мира. Впоследствии довел количество изученных языков до 103.



*Назарларыңызға
рахмет!*

Спасибо за внимание!

*Thank you for
attention!*